

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**  
**L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ**

**ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ  
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ  
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

**THE FINANCIAL SYSTEM IN  
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC  
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN**

**АСТАНА  
ASTANA  
2024**

*Посвящается юбилею - 80-летию  
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА  
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР  
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР  
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
Международной научно-практической конференции  
«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-  
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF REPORTS  
of the International scientific and practical conference  
«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024  
ASTANA, 2024

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)  
Қ 18

**Редакциялық алқа:**

**Мақыш С.Б.** - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

**Жағыпарова А.О.** - Экономика факультетінің деканы

**Ажмухамедова А.А.** - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

**Мажитов Д.М.** - «Қаржы» кафедрасының профессоры

**Бұлақбай Ж.М.** - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

**Майдырова А.Б.** - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

**Сембиева Л.М.** - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

**Аманова Г.Д.** - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

**Мухияева Д.М.** - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

**Искаков Б.М.** - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

**Қ 18** «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-934-0**

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)

**ISBN 978-601-337-934-0**

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

## КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ СЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

**Бексұлтанова И.Р.**

*магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Астана қ., Қазақстан Республикасы*

*Email: [ibeksultanova@mail.ru](mailto:ibeksultanova@mail.ru)*

*Ғылыми жетекші: Бұлақбай Ж.М.,*

*э.ғ.к. доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Астана қ., Қазақстан Республикасы*

**Аңдатпа.** Қазіргі серпінді бизнес-ортада компанияның қаржылық әлеуетін тиімді басқару оның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторына айналуға бастады. Бұл тұрғыда қаржы әлеуетін қалыптастыру саясаты капиталды инвестициялау стратегияларын әзірлеуді, қаржыландыру көздерін анықтауды және айналым капиталын тиімді басқаруды көздейтін ерекше маңызға ие болады. Қаржылық әлеуетті қалыптастыру жолында компания өзінің қаржылық құрылымы мен тұрақтылығына әсер ететін көптеген сыртқы және ішкі факторларға тап болады. Зерттеудің негізгі мақсаты – компанияның қаржылық әлеуетін қалыптастыру саясатын талдау және осы процеске ықпал ететін және кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтау. Аталған аспектілер қаржылық әлеуетті оңтайландыруға және ұзақ мерзімді перспективада ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегияларды әзірлеу үшін қажетті негізді қамтамасыз етеді.

**Кілт сөздер:** қаржылық әлеует, қаржылық тұрақтылық, көрсеткіштер, факторлар.

**Аннотация.** В современной динамичной бизнес-среде эффективное управление финансовым потенциалом компании становится ключевым фактором обеспечения ее устойчивого развития. В этом контексте особое значение приобретает политика формирования финансового потенциала, предусматривающая разработку стратегий капитальных вложений, определение источников финансирования и эффективное управление оборотным капиталом. На пути формирования финансового потенциала компания сталкивается со многими внешними и внутренними факторами, влияющими на ее финансовую структуру и стабильность. Основной целью исследования является анализ политики формирования финансового потенциала компании и выявление основных факторов, способствующих и препятствующих этому процессу. Указанные аспекты обеспечивают необходимую основу для разработки стратегий, направленных на оптимизацию финансового потенциала и обеспечение устойчивого развития организации в долгосрочной перспективе.

**Ключевые слова:** финансовый потенциал, финансовая устойчивость, показатели, факторы.

**Annotation.** In today's dynamic business environment, effective management of a company's financial potential is becoming a key factor in ensuring its sustainable development. In this context, the policy of financial capacity building is of particular importance, providing for the development of capital investment strategies, the identification of sources of financing and effective management of working capital. On the way to building financial potential, the company faces many external and internal factors that affect its financial structure and stability. The main purpose of the study is to analyze the policy of forming the financial potential of the company and identify the main factors contributing to and hindering this process. These aspects provide the necessary basis for the development of strategies aimed at optimizing the financial potential and ensuring the sustainable development of the organization in the long term.


**Keywords:** financial potential, financial stability, indicators, factors.

Компанияның қаржысын басқару – оның қаржылық әлеуетін қалыптастыруға және оңтайландыруға бағытталған стратегиялар мен әрекеттер жиынтығы. Бұл процесс стратегиялық басқарудан бастап ресурстарды басқарудың нақты шараларына дейінгі бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды. Қаржылық әлеуетті қалыптастыру саясаты шеңберінде компания өзінің

жалпы стратегиялық мақсаттарын білдіретін нақты қаржылық стратегияны әзірлейді.

Компанияның қаржылық әлеуеті – бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және мақсаттарға жетуге бағытталған оның қаржылық ресурстарының, мүмкіндіктері мен стратегиялық шешімдерінің жиынтығы. Компанияның қаржылық әлеуеті қаржыны басқарудың теңдестірілген және мақсатты тәсілі арқылы қалыптасады. Біріншіден, қаржыны стратегиялық басқару қаржы ресурстарын пайдаланудағы мақсаттар мен басымдықтарды анықтауға бағытталған. Компания өзінің жалпы стратегиялық мақсаттары мен даму бағыттарын білдіретін нақты қаржылық стратегияны әзірлейді. Қаржылық әлеуеттің маңызды элементі айналым капиталын тиімді басқару болып табылады. Тауарлық-материалдық қорлар, дебиторлық және кредиторлық берешек деңгейін оңтайландыру өтімділікті жақсартуға ықпал етеді және қаржылық қиындықтарға дайын болуды қамтамасыз етеді. Компанияның қаржылық әлеуетінің негізгі элементі болып қаржыландыру көздерін әртараптандыруды жатқызуға болады. Мысалы, кредиттер, акциялар шығару, инвестициялар тарту сияқты әртүрлі қаржы құралдарын пайдалану тәуекелдерді азайтуға және қаржы құрылымының тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар, тәуекелдерді, салықтарды басқару және сыртқы органы талдау арқылы компанияның өзгеретін сыртқы жағдайларға бейімделу икемділігі мен қабілеті қамтамасыз етіледі.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық әлеуеті деп оның қаржылық ресурстарының жиынтығы, сондай-ақ қызметкерлердің максималды қаржылық нәтижелерге қол жеткізу үшін қаржыны тиімді басқару қабілеттері түсініледі. Демек, қаржылық әлеуетті бағалау міндеті оның даму стратегиясының мүмкіндіктерінің сәйкестігін бағалау міндеті болып табылады [1, 125 б.].



Сурет 1 – Қаржылық әлеуеттің көрсеткіштері

Ескерту – [2] дерек көзі негізінде құрастырылды

Қаржылық әлеуеттің көрсеткіштері компанияның қаржылық денсаулығын талдау мен бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Инвесторлар бұл көрсеткіштерді инвестициялар туралы шешім қабылдау үшін, ал банктер қарыз алушының қаражатты қайтару қабілетін бағалау үшін кредит беру кезінде пайдаланады. Сонымен қатар, олар компанияны саладағы бәсекелестермен салыстыруға, оның салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, қаржылық әлеуеттің көрсеткіштері стратегиялық шешімдер қабылдауда және бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Компанияның қаржылық әлеуетін қалыптастыру саясаты – бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар мен әрекеттердің стратегиялық жиынтығы.

Кесте 1 – Қаржылық әлеует саясатының негізгі аспектілері

<b>Аспекттері</b>	<b>Негізгі шаралары мен стратегиялары</b>
Капиталды тарту	- Қаржыландыру көздерін таңдау; - Банкермен және инвесторлармен жұмыс.
Айналым қаражатын басқару	- Қорлар, дебиторлық және кредиторлық берешек деңгейін оңтайландыру; - Капитал айналымының циклін рационализациялау.
Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу	- Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық жоспарларды әзірлеу; - Кірістер мен шығыстар бойынша мақсаттарды белгілеу, бюджеттердің мониторингі.
Инвестицияларды басқару	- Жобаларды тиімділік пен тәуекелдер тұрғысынан бағалау; - Инвестицияларды ұтымды бөлу.
Қаржылық есептілік	- Қаржылық есептерді жүйелі түрде дайындау және талдау; - Ақпаратты уақтылы ашу.
Қарызды басқару	- Қарыз міндеттемелерін тиімді басқару; - Капиталдың оңтайлы құрылымын анықтау.
Тәуекелдерді сақтандыру	- Сақтандыруды пайдалана отырып, қаржылық тәуекелдерден қорғау; - Қаржылық тәуекелдерден болатын шығындарды азайту стратегиясын әзірлеу.
Салық саясаты	- Заңды әдістер арқылы салық міндеттемелерін азайту; - Салық заңнамасын сақтау.
Ақша ағындарын басқару	- Ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарын тұрақты бақылау және басқару.
Нарықты талдау және бәсекеге қабілеттілік	- Ақпараттандырылған қаржылық шешімдер қабылдау үшін нарық үрдістері мен бәсекелестікті қадағалау.
<i>Ескерту – [3] дерек көзі негізінде құрастырылды</i>	


Әрбір компания өзінің қызметіне, нарықтық жағдайларына және стратегиялық мақсаттарына байланысты өзінің бірегей саясатын әзірлейді. Қаржылық әлеуетті қалыптастырудың табысты саясатының негізгі элементі ішкі және сыртқы органның өзгермелі жағдайларына үнемі жанару және бейімделу болып табылады.

Кесте 2 – Компанияның қаржылық әлеуетіне әсер ететін факторлар

<b>Сыртқы факторлар</b>	<b>Ішкі факторлар</b>
1. Экономикалық жағдай: - экономикалық даму деңгейі; - инфляция және пайыздық мөлшерлемелер; - валюта бағамдары.	1. Ресурстарды басқару: - адами, физикалық және ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану; - шығындарды ұтымды бөлу және оңтайландыру.
2. Инвестициялық саясат: - дұрыс инвестицияларды таңдау; - инвестициялар портфелін басқару.	2. Қаржылық стратегия: - қаржылық жоспарлаудың сапасы мен тиімділігі; - қаржыландыру көздерінің теңгерімділігі.
3. Бәсекеге қабілеттілік: - бәсекелестік ортаны талдау; - компанияның орналасуы.	3. Инвестицияларды басқару: - жобаларды тиімділік пен тәуекелдерге бағалау; - инвестицияларды ұтымды бөлу.
4. Құқықтық орта және реттеу: - заңдар мен нормативтерді сақтау; - заңнамадағы өзгерістердің әсері.	4. Қаржылық басқару: - қаржылық есептіліктің ашықтығы мен дәлдігі; - дебиторлық және кредиторлық берешекті басқару.
5. Геосаяси тәуекелдер: - аймақтағы тұрақсыздық; - халықаралық сауда мен жаһандық оқиғаларға байланысты тәуекелдер.	5. Ұзақ мерзімді тұрақтылық: - салауатты капитал құрылымы және қарызды басқару; - компанияның ұзақ мерзімді пайда табу қабілеті.
6. Бедел және бренд: - клиенттер мен инвесторларды тартуға	6. Инновация және технология: - заманауи технологияларды қолдану;

әсері; – брендті тәуекелден қорғау.	– инновациялық өнімдер мен қызметтер.
7. Нарықтық сұраныс факторлары: – тұтынушылардың сұранысы мен қалауының өзгеруі.	7. Ақша ағындарын басқару: – ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарын тұрақты бақылау және басқару.
8. Технологиялық және инновациялық үрдістер: – заманауи технологияларды енгізу; – өнімдер мен қызметтердегі инновациялар.	8. Салық саясаты: – салық міндеттемелерін азайту; – салық заңнамасын сақтау.
<i>Ескерту – [4] дерек көзі негізінде құрастырылды</i>	

Аталған факторларды тиімді басқару кәсіпорынның тұрақтылығын, өсуін және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің кілті болып табылады. Экономикалық, технологиялық, құқықтық және бәсекелестік ортадағы өзгерістерге икемді жауап бере алатын компаниялардың қаржылық табысқа жету мүмкіндігі жоғары. Бұл факторлар бір-бірімен өзара әрекеттеседі және олардың біреуінің өзгеруі бизнестің басқа салаларында тізбекті реакцияны тудыруы мүмкін. Сондықтан икемді стратегияны әзірлеу, қоршаған ортаны үнемі бақылау және жана жағдайларға бейімделу компанияның қаржылық әлеуетін сәтті басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады.



Сурет 2 – Компанияның қаржылық әлеуетін арттыруға арналған ұсыныстар  
*Ескерту – [2] дерек көзі негізінде құрастырылды*

Аталған ұсыныстар даму стратегияны, тиімді қаржылық жоспарлауды, заманауи құралдарды пайдалануды, кредиттік тәуекелдерді басқаруды және мақсатты инвестицияларды құра отырып, компанияның қаржылық әлеуетін арттыруға кешенді тәсілді қалыптастырады. Бұл шаралар жиынтықта қаржылық тұрақтылықты арттыруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар компанияның ұзақ мерзімді перспективада тұрақты өсуі мен табысты жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Қорытындылай келе, компанияның қаржылық әлеуетін қалыптастырудың тиімді саясаты стратегиялық жоспарлауды, инвестицияларды тартуды, тәуекелдерді басқарудың инновациялық әдістерін және ағымдағы активтерді тиімді басқаруды қамтитын кешенді тәсілді көздейді. Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін факторларды талдау ішкі және сыртқы факторлардың рөлін көрсетеді. Ал икемділік, инновация және ресурстарды тиімді басқару ұзақ мерзімді перспективада компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі элементтерге айналуға. Яғни, компанияның қаржылық әлеуетін қалыптастырудың тиімді саясаты тұрақты дамудың ажырамас элементі болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Д.Д. Финансовый потенциал предприятия на примере ПАО ОДК «УМПО» // Журнал «Трибуна ученого», №3, 124-128 б., 2020.
2. Неуймина Д.С. Развитие финансового потенциала компании в условиях экономической стагнации. Финансы и кредит: приоритеты и векторы движения. XVII международная конференция «Российские регионы в фокусе перемен». Екатеринбург: ООО Издательский Дом «Ажур», 1138-1143 б., 2023.



3. Камбулов С.В., Леонова К.И. Финансовый потенциал и его роль в эффективности деятельности предприятия. Электронный научный журнал «Вектор экономики», №10, 2019.
4. Лакомова Т. Факторы, влияющие на финансовый потенциал предприятий. Второй международный конкурс студенческих научно-исследовательских работ по экономике. Том II, 153-156 б., 2020.

ӘОЖ (33.336.1)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІНІҢ МАНЫЗЫ

*Берікқызы Жанара, Тоқбергенова Мерей Ержанқызы*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ.,

Қазақстан Республикасы,

E-mail: [zanaraberikovna@gmail.com](mailto:zanaraberikovna@gmail.com), [mereytokbergenova@gmail.com](mailto:mereytokbergenova@gmail.com)

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасында экономикалық және әлеуметтік дамуында бағдарламалардың мониторинг жүйесі мемлекеттік саясаттың негізгі құралы болып табылады және макроэкономикалық дамуды болжау және тиімділігін қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Бұл мақалада Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламаларының мониторинг жүйесін жетілдірудің қазіргі тенденцияларызерттелді. Қазақстан Республикасында жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар негізінде талдау жасалынды. Автор мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізудің басым бағыттарын айқындады. Мақалада мониторинг тиімділігін арттыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды енгізу перспективалары талқыланады.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік бағдарламалар, мониторинг жүйесі, бағалау, бақылау.

**Аннотация.** В экономическом и социальном развитии Республики Казахстан система мониторинга программ является основным инструментом государственной политики и имеет большое значение для прогнозирования и обеспечения эффективности макроэкономического развития. В данной статье рассмотрены современные тенденции совершенствования системы мониторинга государственных программ социально-экономического развития Казахстана. Анализ проводился на основе государственных программ, реализуемых в Республике Казахстан. Автором определены приоритетные направления мониторинга государственных программ. В статье обсуждаются перспективы внедрения современных информационных технологий для повышения эффективности мониторинга.

**Ключевые слова:** государственные программы, система мониторинга, оценка, контроль.

**Annotation.** In the economic and social development of the Republic of Kazakhstan, the program monitoring system is the main tool of state policy and is of great importance for forecasting and ensuring the effectiveness of macroeconomic development. This article examines the current trends in improving the monitoring system of state programs for the socio-economic development of Kazakhstan. The analysis was carried out on the basis of government programs implemented in the Republic of Kazakhstan. The author has identified priority areas for monitoring government programs. The article discusses the prospects for the introduction of modern information technologies to improve the effectiveness of monitoring.

**Keywords:** government programs, monitoring system, assessment, control.

Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына мемлекеттің ықпал ету нысандарының бірі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламалар – елдің даму стратегиясының бағыттарының бірінде көрсетілген, әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық және аса маңызды мақсаттарына қол жеткізу мен мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бір-бірімен келісілген салалық шаралар кешені. Мемлекеттік бағдарламалар экономика салаларының, шағын және орта бизнестің дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін түпкілікті нәтижелерді көрсететін нақты белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.